



## Тауарларды сатып алу жөніндегі шарт №\_\_\_\_\_

к.

«\_\_\_» 2025 ж.

"Oil Services Company" ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_, атынан, бір жағынан, және \_\_\_\_\_ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_, екінші тараپтан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Казына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (катысу үлестерінің) елу және одан да көп пайзы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Казына» АҚ-га тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алушы жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және \_\_\_\_\_ негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Өнім беруші осы Шартқа кол коя отырып, мыналарды раставиды: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін қасіпкерлік субъектісі болып табылады; • осы Шартқа кол коя үшін қандай да бір шектеулер, тыым салулар жок; • осы Шартқа кол коя алдында оғзінің барлық қасіпкерлік тәуекелдерін бағалады және сәйкестендірді.

### 1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тауарларды Шартта көрсетілген бағалар, өлшемдер және басқа да талаптар бойынша (бұдан әрі - Тауар) Тапсырыс берушінің меншігіне жіберуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Тауарды қабылдауға және оған акы төлеуге міндеттенеді.

### 2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) \_\_\_\_\_ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша акы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Жеткізілген тауарлар үшін акы төлеу, оның ішінде шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар Актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-Қабылдан алу - беру актісі (актілері)) <https://www.zakup.sk.kz/> веб-портал арқылы қол қойған және құнтізбелік 30 (отыз) қүннен кешіктірілмейтін мерзімде мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған қүннен бастап жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алушы жүргізуі де камтамасыз ететін «Самұрық-Казына» АҚ-ның акпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.4.2. Шот-фактуралар;

2.4.3. тауар-көлік жүккүжатының немесе тауарды басқа жаққа жіберуге арналған жүккүжаттың түпнұсқасы; (ұш данада ұсынылады);

2.4.4. өзара есеп айырысуларды салыстыру актісінің түпнұсқасы (түпкілікті өзара есеп айырысу кезінде). Өнім беруші қол қойылған өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін немесе тауарды жеткізген сәттен бастап құнтізбелік 10 (он) қүн ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол коя турали дәлелді бас тартуды ұсынбаған жағдайда, салыстыру актісіне Тапсырыс беруші жеке-дара қол қояды, ол екі тараңта қол қойды деп есептеледі.

2.5. Өнім беруші заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдау-беру актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Электрондық түрде Веб-порталда Тауарларды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі. Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп айырысу тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін Шарт бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу Шарт сомасының 20%-ынан аспауы тиіс.

2.6. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктірғені үшін жауапты болмайды.

2.7. Шот-фактура Тапсырыс берушінің электрондық шот фактуралардың акпараттық жүйесі (ЭШФ АЖ) арқылы электрондық шот-фактура жазып берілген қүннен бастап оның табыс етілген күні болып есептеледі.

2.8. Шарттың сомасы тараптардың өзара келісімі бойынша мынадай жағдайларда: - егер Шартты орындау процесінде ұқсас тауарлардың бағасы төмендегу жағына карай өзгерсе, тауар бағасын төмендешу болілгінде; - сатып алынатын тауар көлемінде қажеттіліктің азауымен не негізід ұлғауымен байланысты шарт сомасының азауы не ұлғауы болілгінде, сондай-ақ тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шарттың шартты орындау мерзімінің тиісті өзгеруі болілгінде өзгертулуге жатады.

2.9. Егер Тапсырыс берушіде тауарларға қажеттілікті ұлғайту немесе азайту қажеттілігі түнінде қалыптастыраған жағдайда, Тапсырыс беруші өз құқығын өзінен қалдырады: - тараптардың келісімі бойынша шарттың талаптарын, оның ішінде өнім берушіге шартқа өзгерістер мен





толықтырулар қолданысқа енгізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын жазбаша хабарлама жіберу арқылы тауар қолемін ұлғайту немесе азайту бөлігінде өзгерту, бұл ретте тауардың бағасы өзгертуге жатпайды.

### 3. Жеткізу мерзімі және шарттары

3.1. Өнім беруші Тауарды Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес мекенжай бойынша және мерзімінде жеткізуге міндettі.

3.2. Тауарды жеткізу мерзімі: Шартқа қол қойылған күннен бастап \_90\_ күнтізбелік күн ішінде.

3.3. Тауарды жеткізу (айналым жасау) күні Тапсырыс беруші жүккүжатқа қол қойылған күн болып есептеледі. Тауар Тапсырыс берушіге Қабылдау-беру актісіне (актілеріне) сәйкес саны мен сапасы бойынша және Шарттың №1, №2 қосымшаларына сәйкес беріледі. Тауарға меншік құқыны, сондай-ақ тауардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну тәуекелі Өнім беруші заң актілеріне немесе Шартқа сәйкес Тауарды Тапсырыс берушіге беру жөніндегі өз міндettін орындаған болып есептелетін кезден бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына қосылады.

### 4. Тараптардың құқықтары және міндettтері

4.1. Өнім беруші міндettі:

4.1.1. Шарттың шарттарына сәйкес Тауарды жеткізу;

4.1.2. Тауарды қабылдау-тапсыру актісі бойынша (Акт <https://www.zakup.sk.kz/> веб-порталда қалыптастырылатын электрондық құжат нысанында ұсынылады) тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына сәйкес ресімделген шот-фактураны жазып беруге.

4.1.3. Тапсырыс берушігে жеткізілетін тауарға арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.3.1. Шарт шенберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген Тауардың барлық қолеміне (санына) Шарттағы елшілік құндылық үлесін есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Қабылдау-берудің соңғы актісімен бірге беріледі.

4.1.3.2. тауарды дайындауши зауыт берген сапа паспортының (сертификатының) түпнұсқасы немесе нотариалды күәландырылған көшірмесі ;

4.1.3.3. Егер тауар КР қолдануға рұқсат берілетін жабдықтар тізбесіне кіретін болса, онда өнім беруші КР қолдануға рұқсатты немесе тізілімнен үзінді көшірмені ұсынуға міндettі. Егер бұрын КР қолдануға рұқсат берілсе, онда жеткізуі тізілімнен үзінді көшірмені ұсынуға міндettі.

4.1.3.4. егер Шарттың талаптары бойынша Өнім беруші Тауарлардағы елшілік құндылық қамту үлесін қамтамасыз етуге міндettенсе, Өнім беруші Тапсырыс берушігে ішкі айналым үшін Тауардың Қазақстан Республикасының аумағында шыгарылғанын растайтын оның шыгарылуы туралы сертификатты ұсынуға міндettі.

4.1.4. Шарт талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға. Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елшілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.1.5. Сатып алу туралы шартты орындау шенберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндettенеді.

4.1.6. Шарт шенберінде жеткізілген тауар жаңа, пайдаланылмаған болып табылатындығына және жеткізілген тауарды қалыпты пайдалану кезінде конструкциясымен, материалдарымен немесе жұмысымен байланысты ақаулары болмайтындығына кепілдік беруге.

4.1.7. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз шарт бойынша өз міндettемелерін біреуге толықтай да, ішінара да бермеуге.

4.1.8. Егер Тапсырыс беруші үшінші тұлғаларға зиянды өтеш бойынша, сондай-ақ КР уәкілетті мемлекеттік органдары өндіріп алған айыппұлдар мен өзге де санкцияларды төлеу бойынша залалдарға немесе шығыстарға ұшыраған жағдайда, Тапсырыс берушігে залалды толық қолемде өтеше және оны жауапкершіліктен босатуға.

4.1.9. Тапсырыс берушінің аумағы мен обьектілерінде тауарды жеткізу барысында Шарттың №4 қосымшасы сәйкес "КазМұнайГаз" ҮК АҚ және "OSC" ЖШС өткізу және обьектішілік режимі саласындағы талаптарын, денсаулықты, енбекті, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік, ерт қауіпсіздігі және азamatтық қорғау талаптарын сактауға міндettі.

4.1.10. белгіленген пунктке тауар жеткізілгенге дейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушігে тапсырыс берушінің аумағына рұқсаттама алу үшін автокөлік құралдарына техникалық паспорттардың, жеке куәліктің және жүргізуілердің жүргізуі қуәліктерінің көшірмелері коса берілген хат жолдауга.





4.1.11. Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша жеткізілетін тауармен бірдей және (немесе) біртекті тауарларға өнім беруші ұсынатын бағалар туралы ақпарат (оның ішінде белгілі бір күнге өнім беруші қол қойған коммерциялық ұсыныстар) беру мүмкіндігін қараяу.

4.1.12. Жеткізуши тиісті салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді уақтылы және дұрыс есептеуге және төлеуге, сондай-ақ салық органдына салық есептілігін дұрыс жасауға және уақтылы ұсынуға міндетті. Жеткізуши Тапсырыс берушіге салықтарды, өсімпұлдарды және басқа да төлемдерді қоса алғанда, қоса есептелген төлемдер сомасын өтеуге, сондай-ақ егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі шенберінде тәуекелдерді басқару жүйесін қолданған және (немесе) тексерулер жүргізген жағдайда, осындағы қосымша есептеу (бұзушылық) туралы тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге көрсетілген сомаларды төлей отырып, Қазақстан Республикасының бюджетінен кайтарудан бас тартылған КҚС сомасы мөлшерінде біржолғы тұрақсыздық айыбын, сондай-ақ өзге де іс-шараларды қоспағанда, шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысулады көрсетпеу (төлемеу) не растамау фактілері аныкталатын болады, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен КҚС асып кеткен сомасын кайтарудан бас тартылады не салықтар мен өзге де міндетті төлемдер қоса есептелең болады. Жеткізуши қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулы растамаған, қосылған құн салығын қайтармаған және мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге қойған салықтар мен қаржы санкцияларын қоса есептемеген жағдайларға алып келген өзінің әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін осы тармақ бойынша жауапты болады.

4.1.13. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Өнім берушімен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймактарда тіркелуі түрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

#### 4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қоюды талап етуге.

4.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға құқығы бар.

#### 4.3. Тапсырыс беруші міндетті:

4.3.1. Шарттың шарттарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдау.

4.3.2. Өнім берушіден беру-өткізу актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаган жағдайда беру-өткізу актісіне қол қою.

4.3.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүргізу.

#### 4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта белгіленген сапага және санға сәйкес Тауарды алу.

4.4.2. Шарттың бағасын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың кез-келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы өнім тізімдемесімен Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтару.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шарттан бас тартуға құқығы бар.

4.4.4. Егер Өнім беруші Тапсырыс беруші өтініш берген күннен бастап үш күн мерзімде тиістілік тауарына жататын тауарды немесе ол шарт талаптары мен заңнама талаптарына сәйкес беруге тиіс құжаттарды тапсырмаса немесе Тапсырыс берушіге беруден бас тартса, тауарды қабылдаудан бас тартуға.

4.4.5. Тапсырыс беруші қабылдамаған тауардың бір бөлігінен, сондай-ақ оған ақы төлеуден бас тарту, ал егер тауар төленген болса, егер Өнім беруші Тапсырыс берушіге шарттың талаптарын бұза отырып, қабылданған тауарды қоспағанда, шартта белгіленгенниң Азырақ тауар санын берсе, жетіспеген бөліктің төленген ақшалай сомасын қайтаруды талап ету қажет. Өнім беруші ақшалай қаражатты қайтаруды Тапсырыс берушінің тиісті талабын алған күннен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде шарт бойынша ұқсас төлем тәсілімен жүзеге асырады.

4.4.6. Егер өнім беруші сапасыз тауарды ауыстыру жөніндегі өз міндеттемелерін орында маса, бұзушылықтар жойылғанға дейін тауар жеткізілімін тұтастай немесе оның бір бөлігін тоқтату туралы Өнім берушіге өкім беруге жазбаша нұсқамамен жіберуге.

4.4.7. Тауарды жеткізу мерзімі 10 (он) жұмыс күнінен астам кешіктірілген жағдайда, барлық айппул санкцияларын (өсімпұлдарды, тұрақсыздық айыбын) және Тапсырыс беруші осы шартты бұзу нәтижесінде туындаған шеккен шығындар мен шығыстарды көрсету құқығымен осы Шартты біржакты тәртіппен бұзуға.





## 5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

- 5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген тауардың техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.
- 5.2. Өнім берушінің өкілі тауарды баратын пунктке дейін жеткізуіді жүзеге асырган жағдайда, оның өкілеттігі тиісті сенімхатпен (шарт нөмірін міндепті түрде көрсете отырып) расталуы тиіс.
- 5.3. Жеткізілген тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері тексеру жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.
- 5.4. Жеткізілген тауардың саны мен сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын ақаулар бойынша (жасырын ақаулар) Тапсырыс беруші Өнім берушігө Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде талап кояды. Егер Өнім беруші 3 (үш) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Өнім беруші мойындаған болып саналады және Өнім беруші өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 15 (он бес) хабарлама алған сәттен бастап жұмыс күндері ішінде Тауардың жеткізілмеген және/немесе сапасыз болған жеткізуге міндептеннеді.
- 5.5. Егер Тапсырыс беруші Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде Өнім берушігө Тауардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тауар Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге жатады.
- 5.6. Осы Шарттың 4.1.3 тармақшада тізімделгендердің біреуі болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші тауарды қабылдаудан бас тарту немесе оны өнім берушінің есебінен сактауға қабылдау құқығын өзіне қалдырады. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші шеккен барлық шығыстарды Өнім беруші төлейді.
- 5.7. Тауар сапасы бойынша сәйкес келмеген жағдайда Тапсырыс беруші өз калауы бойынша: 1) Тапсырыс берушінің шағымын немесе хабарламасын алған кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тауардың кемшиліктерін өтеусіз жоюды; 2) тиісті сапасы жоқ тауарды Шартқа сәйкес келетін тауарға ауыстыруды; 3) сатып алу бағасын мөлшерлес кемітуді; 4) олардың Тауардағы кемшиліктерін жоюға жұмсаған шығындарын өтеуді; 5) Шартты орындаудан бас тартуға және тауарға төленген ақшалай соманы қайтаруды талап етуге құқылы.
- 5.8. Өнім берушімен жиынтықталмаған тауарды берген жағдайда, егер шартта оның жиынтықтылығы туралы талап көзделсе, Тапсырыс беруші өз таңдауы бойынша өнім берушіден: - сатып алу бағасын мөлшерлес кемітуді; -өнім беруші көрсетілген талапты алған күннен бастап 3 күн мерзімде тауарды толық жинақтаган жағдайларда жүргізіледі. Егер Өнім беруші осы тармакта көрсетілген мерзімде Тапсырыс берушінің тауарды толық жиынтықтау туралы талаптарын орындаамаса, Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартуға және төленген ақша сомасын қайтаруды талап етуге құқылы.
- 5.9. Сапаға, жиынтыққа сәйкесіздік анықталған жағдайда, егер шартта келіп түскен тауардың, ыдыстың немесе орамның жиынтықтылығы, таңбалануы туралы талап стандарттар талаптарына көзделсе, Тапсырыс беруші тауарды одан әрі тексеруді тоқтата тұрады және онда тексерілген тауарлардың саны мен қабылдау кезінде анықталған ақаулардың сипаты көрсетілетін акт жасайды. Тауарларды қабылдауды тоқтата тұрумен бір мезгілде Тапсырыс беруші Өнім берушінің өкілін шақыруға міндепті. Шақыру кемшиліктер анықталған сәттен бастап 72 (жетпіс екі) сағат ішінде хабарламасы бар жеделхатты жіберу немесе факс арқылы жүзеге асырылады. Өнім беруші Тапсырыс берушінің өкілін шақыруды алғаннан кейінгі келесі күннен кешіктірмей тауар санын, сапасын және жиынтықтылығын тексеруге катысу үшін өнім берушінің өкілі жіберілетін-жіберілмейтінін жеделхатпен немесе факс арқылы хабарлауға міндепті. Көрсетілген мерзімде шақыруға жауап алмау Тапсырыс берушігө мұндай тауарды қабылдамауға, мән-жайлар анықталғанға дейін өнім берушінің есебінен оны жауапты сактауға ресімдеуге құқық береді.
- 5.10. Өнім беруші жүккүжатты немесе тауарды қабылдап алу-беру актісін ресімдегеннен кейін Тапсырыс беруші анықтаған, әдеттегі көзбен қарап-тексеру кезінде анықталуы мүмкін емес тауардың кемшиліктері үшін жауап береді. Тауар орамада берілген жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушінің оларды анықтау мерзіміне қарамастан, осында тауардың нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануға кедері қелтіретін кез келген кемшиліктері үшін жауапты болады.
- 5.11. Айрықша жағдайларда, тип-жөнелтудің транзиттік нормаларына байланысты тауардың әрбір жеке санатына жеткізу көлемінен -3% (минус үш) ауытқуға рұқсат етіледі (тек салмағы мен көлемі – тонна, метр және т.б. өлшенетін жүктөр үшін).

## 6. Кепілдіктер және Сапа

- 6.1. Өнім беруші жеткізілетін тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеткізілетін тауардың сапасына кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген тауардың жеткізілген тауарды қалыпты пайдалану шартымен конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді
- 6.2. Өнім беруші жеткізілген Тауарға Қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап 12 айға белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.
- 6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде тауардың ақаулары немесе оның шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, өнім беруші Тапсырыс беруші тиісті талаптарды ұсынған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ақаулы тауарды жаңасына өз есебінен ауыстыруға міндептеннеді. Ауыстырылған тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші өз мойнына алады.





6.4. Егер тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне үзартылады.

## 7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттерді орындауда және/немесе тиісті түрде орындауда үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Өнім беруші Шартта көрсетілген тауарды жеткізу мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушігеге тауарды жеткізуіді кешіктірген әрбір құнтізбелік күн үшін уақытының жеткізілмеген тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

7.2.2. Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды коспағанда, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушігеге шарттың жалпы сомасының 10% - ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.3. Өнім берушінің осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудаған және/немесе тиісінше орындаудаған үшін (тауарды жеткізуіді кешіктірген жағдайларды коспағанда) өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша жеткізілуі жүзеге асырылмаған не тиісінше жүзеге асырылмаған тауардың жалпы құнының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.4. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушігеге мерзімі өткен әрбір құнтізбелік күн үшін кемшіліктерді жою мерзімдері бұзылған тауар құнынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.5. Тауарлардағы елішлік құндылық үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушігеге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.6. Өнім беруші Шарт талаптарына сәйкес СТ-КZ нысанындағы сертификатты ұсынбаған немесе СТ-КZ нысанындағы сертификатта (тарда) көрсетілген елішлік құндылықтың үлесі Шарттың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Өнім беруші жеткізілген Тауарды қабылдауды-беруді растайтын тиісті Қабылдау – беру актісіне Тараптар қол қойғанға дейін Өнім беруші өз өндірісінің тауарын жеткізу жөніндегі міндеттемелерді орындаудаған үшін төлеуге тиіс Шарттың жалпы құнының 20%-ы мөлшерінде жауапты болады.

7.2.7. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлемді жүзеге асырған және өнім беруші осы Шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындаудаған немесе тиісінше орындаудаған және (немесе) шартты тоқтатқан (оның ішінде оны бұзу жолымен) жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақшалай қаражатты қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді (олардың шығысы жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді қабылдау актілерімен расталмаған/талаң жіберілген күннен бастап құнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде). Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсyz пайдаланғаны үшін төлеуге тиіс Шарттың жалпы құнының 10% - нан аспайды.

7.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша өнім берушінің өз міндеттемелерін орындаудаған және/немесе тиісінше орындаудаған үшін Тапсырыс берушігеге тиесілі өсімақы (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші берушігеге мерзімі өткен әрбір құнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.4.2. Тапсырыс беруші тауарды қабылдауды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушігеге әрбір құнтізбелік күн үшін кідірту сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.4.3. Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушігеге әрбір құнтізбелік күн үшін кідірту сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.4.4. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Тауарды жеткізу үшін Өнім берушігеге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Өнім беруші Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындаудаған жағдайда, Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өтіп кеткен залалдарды өтеуді талап етуге құқығы бар.

7.5. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Казына» АҚ-ның Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі үәкілдегі





органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.6. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.7. Пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұл, айыппұл) артық толық сомада өтелуге тиіс.

7.8. Тауарды уақтылы жеткізбекін не жеткізуден бас тартқаны үшін осы Шарттың талаптарына сәйкес Өнім берушіге есептелетін айыппұлдардың (өсімпұлдардың) жалпы мөлшері ШАРТ сомасының 10%-нан аспауға тиіс.

7.9. Өткізу және объектішілік режим, Денсаулық, енбек, Қоршаған органдар корғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және азаматтық корғау талаптарын бұзғаны үшін Тапсырыс беруші Шарттың №4 Қосымшада айқындалған айыппұл санкцияларын колдануға құқылы.

## 8. Шартты өзгерту, бұзыту тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні тандау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда шартты орындаудан біржакты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

8.3.3. Тауарларды алушы негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

8.3.3.1. төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқараган жағдайда;

8.3.3.2. тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органдарының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органдарының байқау кеңесі/жоғары органдары (қатысуышылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.4. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

8.4. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржакты тәртіппен бас тарткан кезде Тапсырыс беруші Өнім берушіне Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада себеп көрсетілуі тиіс, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне енү күні айтылуы тиіс.

8.5. Сатып алуша «Самұрық-Казына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі тұлғасында сатып алушы жүзеге асыру мәселелері жөніндегі үәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған Шартты біржакты тәртіппен бұзуына және (немесе) бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушін Шарт бұзылған күнге нақты жұмысалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындаама салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық етеді талап етуге құқылы.

8.7. Екі тарап қол қойған жазбаша өзгерістерді қоспағанда, шарттың құжаттарына ешқандай ауыткуларға немесе өзгерістерге жол берілмейді.

8.8. Тапсырыс беруші Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 8) тармакшасында көзделген жағдайда Өнім беруші негіздеген және Тапсырыс беруші растиған сомаға шарттың сомасын ұлғайтудан бас тартқан кезде Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

## 9. Хабарламалар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алысады жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзгеше түрде айтылмаса, онда хат алысадын мұндай түрі негізіз бас тартулар мен кешіктірулер жазбаша түрде жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Тараптардың деректемелерімен Шарт нөмірі





булуға тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар (Өнім берушінің электрондық поштасына жіберілген Тапсырыс берушінің өтінімін қоспағанда) алдын ала ұсынылуға және қолма-қол немесе кейіннен түпнұсқасын беру арқылы 5 (бес) жұмыс күні ішінде электрондық нұсқаны алған күннен бастап кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырыс хатпен, электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез-келген хабарлама (алдыңғы ауды растаусыз) тапсыру үақытында жеткізілген деп есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хат арқылы жіберілген ескерту пошталық жеткізуіді растайтын пошталық бөлімнің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілген деп есептеледі.

## 10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және міндеттемелер толық орындалғанға дейін, ал өзара есеп айырысу болігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

## 11. Енсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер үнділ форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болса, Тараптар осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінәра орындағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «форс-мажорлық жағдайлар» Тараптардың еркінен тыс және күтпеген сипаттағы оқиғанды білдіреді. Мұндай оқиғаларға әскери әрекеттер, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемиялар, карантиндер, эмбарго және баскалары сиякты әрекеттер кіру мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Форс-мажорлық жағдай туындаған кезде, міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа пайда болған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың күтілетін ұзақтығы туралы жазбаша (хабарлама) хабарлауга, сонымен қатар осындағы жағдайлар мен олардың себептері туралы, сондай-ақ құзыретті орган берген осындағы жағдайлардың болуын растайтын күжаттарды ұсынуға міндетті.

11.3. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық мән-жайлардың нәтижесі болып табылса, онім беруші өзінің тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе шарттың талаптарын орындаамауына байланысты оны бұзуга жауапты болмайды.

## 12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Шартка қатысты Тараптар арасында пайда бола алатын барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындағы келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез-келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

## 13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар мен олардың қызметкерлері төлем жасамайды, төлеуге ұсыныс жасамайды және қандай-да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде зансыз артықшылықтарға немесе өзге де зансыз мақсаттарға кол жеткізу үшін қандай-да бір ақшалай қаражат немесе құндылық төлеуге жол бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін колданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық парага сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ колданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-кимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілестін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындаудың камтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

13.5. Тарап жазбаша хабарламада контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық парага сатып алу сиякты колданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-кимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір





ережелерін бұзғанын немесе бұзыу мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыйбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік катынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмысайды, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыйбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Өнім беруші Шартка №5 Қосымшаға сәйкес, "контрагенттермен шарттар үшін Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпс" талаптарын сактауға міндетті.

## 14. Құпиялылық


14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы акпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының үәкілді органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де акпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен акпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіpte көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл акпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында үйғарылған не оған үәкілді мемлекеттік органдардың талап етуи бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сotta қараша жағдайларына қолданылмайды.

14.2. Өнім беруші Тапсырыс берушінің «Самұрық-Казына» АҚ Шарт бойынша акпаратты, оның ішінде деректемелер мен төлем деректемелері туралы акпаратты коса алғанда, онымен шектелмей, Тапсырыс берушігे қызмет көрсететін банктің контрагенттерін деректерді берудің қауіпсіз каналы арқылы байланыс арналарының қажетті хаттамаларын қолдана отырып, «Самұрық-Казына» АҚ акпараттық-тальдамалық жүйесіне жіберу арқылы жария етуге құқылы екеніне келіседі.

14.3. Тараптар құпия акпаратты заңсыз ашу нәтижесінде екінші Тарапқа келтірілген залал үшін Бір-бірінің алдында жауапты болады. Жауапкершілік туралы ережелер осы Шартқа қол қойылған күнгі не оның қолданылу кезеңіндегі мәліметтер не акпарат Тараптардың кінәсінен емес кеңінен белгілі болған немесе белгілі болған жағдайларға қолданылмайды.

